

**"Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 745 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 29 наурыздағы № 304 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 9, 98-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкі сметасының (бюджеті) есебінен қамтылған органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) басшыларына:

1) мыналар:

мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, олардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің штат санын қысқарту;

мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің (бұдан әрі – ұйымдар) штат санының лимиттерін белгілеу;

мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, олардың аумақтық бөлімшелерінің қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражатты, сондай-ақ ұйымдардың әкімшілік шығыстарын қысқарту туралы шешімдерді дербес қабылдау;

2) мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, олардың аумақтық бөлімшелерінің, ұйымдардың қызметін қамтамасыз етуге көзделген қаражатты және олардың штат санын қысқарту нәтижесінде босаған Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің және Ұлттық Банкі сметасының (бюджетінің) қаражатын:

мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбекақысын қызмет нәтижелері бойынша төлеуді енгізуге;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сметасының (бюджеті) есебінен қамтылған мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбекақысын үстемеақылар белгілеу жолымен арттыруға пайдалану құқығы берілсін.";

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы Жарлыққа сәйкес қызметкерлер санының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған кезде өтемақылар төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет және Ұлттық Банкі сметасының (бюджеті) есебінен қамтылған мемлекеттік органның басшысы еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп босайтын қызметкерлерді қайта даярлау және жұмысқа орналастыру бойынша шараларды қабылдайды."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК